**Астана қаласы әкімдігінің «Ілияс Есенберлин атындағы № 67 гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны**

**Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения "Гимназия №67 имени Ильяса Есенберлина" г.Астана**

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

27 қыркүйек 2023 жыл № 212

Астана қаласы город Астана

**Ақша жинауға тыйым салу туралы**

«Астана қаласының Білім басқармасы» ММ-нің ақша жинауға тыйым салу туралы 26.09.2023ж. №2014 бұйрығын орындау мақсатында және Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңының 9-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. **Сынып жетекшілеріне, пән мұғалімдеріне, оқу орынбасарларына, тәрбие орынбасарларына, шаруашылық орынбасарына, ата-аналар комитеттеріне:**

1) Ата-аналардан (заңды өкілдерден): жөндеу жұмыстарын жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, мектепті жинауға, педагогикалық ұжымға сыйлық беруге, білім беру ұйымдарын аттестациялауға, мерекелік іс-шараларға және басқа да мақсаттар үшін ақша жинауға, сондай-ақ білім беру ұйымын жеткізушілерден сыйлықтар қабылдауға үзілді-кесілді тыйым салынсын; Жауапты: тәрбие орынбасарлары, оқу орынбасарлары

2) педагогикалық ұжымға және ата-аналар комитетінің мүшелері арасында мектептің, сыныптың қажеттіліктеріне, сондай-ақ мерекелік іс-шаралардың қажеттіліктері үшін заңсыз ақша жинау мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

3) ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берген сынып жетекшілеріне, мұғалімдерге шара қолданылсын;

2. **ОСЫ БҰЙРЫҚ ОРЫНДАЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА ЛАУАЗЫМЫНАН БОСАТУҒА ДЕЙІН ҚАТАҢ ТӘРТІПТІК ШАРАЛАР ҚОЛДАНЫЛСЫН.**

3.Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

**Директордың міндетін у.а.** **Г.Оналбаева**